

Мүгедектерге арналған жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 09 тамыздағы № 303 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 29 тамызда № 3052 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 18 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 29.01.2016 № 18 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31-бабының 1) тармақшасына сәйкес, мүгедектерді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында, Шемонаиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 02.04.2014 N 94 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы жұмыс орындарының жалпы санының үш пайыз мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шемонаиха ауданы әкімінің орынбасары О.А.Булавкинаға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шемонаиха ауданының әкімі

А.Тоқтаров